



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

13.05.2022 № 2-011513-22-38634

14.04.2022г. №ДЗ-131

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

Қаржылық пирамидаларға қарсы іс-қимыл бойынша

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура алаяқтық пен қаржылық пирамидаларға қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы жұмысының нәтижелері, сондай-ақ халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу туралы депутаттық сауалды қарады.

Соңғы 5 жылда қаржылық пирамидалар туралы істерді тіркеу серпіні тұрақсыз (2017ж.-74, 2018ж.-103, 2019ж.-24, 2020ж.-180, 2021ж.-160).

Өсім 2020 жылға келеді, ол кезде тіркелген қылмыстардың саны 7 есеге (24-тен 180-ге дейін) өскен, келтірілген залалдың сомасы 6 млрд теңгеден асқан (2019ж. - 1,6 млрд теңге).

Бас прокуратура өткен жылдың басынан бері қылмыстың осы түріне қарсы іс-қимыл бойынша нақты шаралар қабылдады.

Үйлестіру кеңесі өткізілді, ведомствоаралық жұмыс топтары құрылды, іс-шаралар жоспарлары, әдістемелік құралдар әзірленді, Микрокредиттер беру қағидаларына өзгерістер енгізілді, өзара іс-қимыл типологиясы мен жоспары қабылданды, қаржылық пирамидалардың сыртқы белгілерінің тізбесі анықталды.

Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауында («Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі», 2021 жылғы 1 қыркүйек) айтылған алаяқтыққа және қаржылық пирамидаларға қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдау туралы тапсырмасын орындау мақсатында бірлескен іс-шаралар кешені (Жол картасы) әзірленді.

Осыған орай Бас прокуратура жанынан Жол картасының тармақтарын (14.03.2022ж. №7р/15 өкім) орындау бойынша ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды.

Қазіргі уақытта жауапты мемлекеттік органдар Іс-шаралар кешенін жоспарлы жүзеге асыруды жүргізуде.

Атап айтқанда, Ішкі істер министрлігі криминалдық полиция бөлімшелеріне интернет желілерін мониторингілеу, әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің

қазақстандық пайдаланушыларын (қаскүнемдерді) анықтауға арналған заманауи құрал-жабдықтар мен мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алды.

Сондай-ақ ПМ білікті мамандарын даярлау мақсатында алаяқтық және қаржылық пирамидалар туралы қылмыстық істерді тергеп-тексеру тактикасы мен әдісі бойынша арнайы оқыту бағдарламаларын әзірледі (біліктілікті арттырудың онлайн-курстары, оның ішінде шетелдік мамандарды шақыра отырып жүргізіледі), олар ведомстволық жоғары оқу орындарының оқу жоспарына енгізілген онлайн-курстары.

Аумақтық полиция бөлімшелерінде осы санаттағы істерді ашуға және тергеп-тексеруге мамандандырылған, тұрақты жұмыс істейтін жедел-тергеу топтары құрылды.

Қаржылық мониторинг агенттігі әлеуетті қаржылық пирамидаларды ерте анықтау тетігін енгізді.

Экономикалық тергеу департаменттеріне қаржылық пирамидаларды құру белгілері бойынша 16 материал жолданып, олар бойынша жедел-іздігі және тексеру іс-шаралары жүргізілуде.

Осы жұмыс аясында Шымкент қаласында дивидендтер аламыз деген желеумен салымшыларды заңсыз тарту фактісі бойынша «GAR» компаниясының басшысы Рысымбетоваға және басқаларға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды.

Қаржылық пирамидалардың сайттарына 680 сілтеме бұғатталды. Банктер операциялардың күшейтілген мониторингіне және күдікті клиенттермен іскерлік қарым-қатынастарды бұзуға бағдарланған. Осындай 149 адаммен іскерлік қарым-қатынас тоқтатылды және оны орнатудан бас тартылды.

Мысалы «Kaspi Bank» АҚ 40 салымшыны тартып үлгірген «Қара қазан» қаржылық пирамидасының ұйымдастырушыларына қызмет көрсетуді тоқтатты (залал толық өтелді).

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – ҚНРДА) микрокредиттерді электронды әдіспен беру қағидаларына өзгерістер енгізді (қосымша аутентификация әдістері енгізілді).

Микроқаржы ұйымдарының қарыз алушысын мобильді сәйкестендіру ұялы байланыс операторларының деректерімен салыстырылатын болады.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі әлеуметтік желілерде бақылауды күшейту, күмәнді жарияланымдар анықталған кезде, оның ішінде мұндай материалдарды жою шараларын қабылдай отырып жедел өзара іс-қимыл жасау бойынша «Meta platforms» компанияларының өкілдерімен жұмысты жолға қойды.

Осыған ұқсас жұмыс «Колеса КЗ» онлайн-сату компаниясымен жүргізілуде.

«Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерін бір мезгілде түзете отырып, қылмыстық заңнаманы оңтайландыру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы әзірленді, оған ақша қаражатын тарту сәтінен бастап жауапкершіліктің басталуы енгізілді (қазіргі уақытта жауапкершілік заңсыз қызметтен кіріс алған сәттен басталады).

Заң жобасы бұған дейін Бас прокуратура жанындағы ведомствоаралық жұмыс тобының отырыстарында талқыланып, мақұлданған. Ол қазіргі уақытта мемлекеттік органдармен келісу сатысында. (Заң жобасын енгізу мерзімі: ӘДМ-ге – маусым, ПМК-ге – шілде, Парламентке – қыркүйек).

Осыған байланысты ҚК-нің 217-бабының редакциясына өзгерістер енгізу туралы мәселе пысықталуда.

Жалпы қабылданған шаралар ағымдағы жылы мұндай қылмыстардың санын азайтуға мүмкіндік берді.

Ағымдағы жылдың төрт айында қаржылық пирамидаларды құрудың тіркелген фактілері санының 74,3%-ға (187-ден 48-ге), сотқа жіберілген қылмыстық істердің 70%-ға (109-дан 33-ке) төмендегені байқалады. Сонымен қатар қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдар саны 100%-ға өсті (14-тен 50-ге дейін).

Алаяқтықпен байланысты істер бойынша да жағдай жақсарды (-14,9%, 16257-ден 13834-ке дейін), оның ішінде интернет-алаяқтық 27%-ға (8550-ден 6256-ға дейін) төмендеді.

Сонымен бірге оң динамикаға қарамастан, жүргізілген талдау Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ІІМ) жұмысын ұйымдастырудағы олқылықтар мен сотқа дейінгі тергеп-тексеру сапасының төмендігі туралы көрсетті (Ішкі істер министрлігіне заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыну енгізілді, қаралуда).

Мысалы, «Mudarabah capital» ісі бойынша сарсаңға салу және залалдың аз өтелгендігі жәбірленушілердің бірі Досмаилованың ІІМ ғимаратының жанында өзін-өзі өртеу арқылы өзіне өзі қол жұмсауға оқталуына алып келді.

Бұл ретте, Алматы қ. Полиция департаментінің мекенжайына іс бойынша бұдан бұрын қадағалау актілері енгізілген (кінәлі лауазымды адамдар тәртіптік жауаптылыққа тартылған).

Бұдан бөлек, уәкілетті органдар халықтың қаржылық-құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша іс-шаралар және қабылданған шаралар бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуде (оның ішінде интернет-ресурстар арқылы).

Мысалы, ҚНРДА сайтында лицензияланбаған (заңсыз) қызмет белгілері бар ұйымдардың тізімі жарияланды, оған **121** субъект кіреді, оның ішінде **56**-сы қаржылық пирамида белгілерімен және **65**-і заңсыз инвестициялық делдалдар (жалған брокерлер).

2020 жылдан бастап 2022 жылдың мамыр айы аралығында ҚНРДА ресми сайтында және «FinGramota.kz» оқу сайтында қылмыстың осы түріне қарсы іс-қимыл бойынша **344** материал жарияланған. Олардың негізінде БАҚ-та **759** жарияланым, олардың **306**-сы өңірлік басылымдарда орналастырылды.

Осыған ұқсас жұмыс әлеуметтік желілер (Facebook, Instagram, Telegram-дағы @FinGramota - 1,2 мыңнан астам жазба), интернет-баннерлер (35 жарияланым), бейнероликтер («Qazaqstan», «31 арна», «Хабар», Atameken Business, Astana және КТК телеарналарында 8) тікелей эфирлер (16) және т.б. арқылы жүргізілді.

Қаржылық мониторинг агенттігі ақпараттық порталдарда (Zakon.kz, Orda.kz, KazTAG, Nur.kz, Tengrinews, Qazaqstan.tv, Astanatv.kz) **2 мыңға** жуық азамат құрбаны болған «Астана Раушан қасса айналымы» пирамидасын ұйымдастырушыларға қатысты тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы ақпарат жариялады.

«GAP» тұтыну кооперативі (еліміздің 13 өңірінде құрылған) басшыларына қатысты тергеп-тексеру жүргізілгені туралы да халыққа осылай жеткізді.

2022 жылдың басынан бері ІІМ интернет-алаяқтық (3519 материал) және қаржылық пирамидалар (3662) бойынша бірқатар түсіндіру іс-шараларын жүргізді.

Әкімдіктермен бірлесіп LED-экрандарға 225 баннер орнатылып, қоғамдық орындарда 7 мың буклет таратылды.

Жақын арада (а.ж. 1 шілдесінен бастап) қаржылық пирамидалардың тәуекелдері туралы смс-хабарламалар тетігі іске қосылатын болады.

Баяндалғандармен қатар құқық қорғау және мемлекеттік органдар халық арасында түсіндіру жұмыстарын күшейтуге бағдарланған.

Алаяқтық пен қаржылық пирамидаларға қарсы іс-қимыл жалғасуда және ерекше бақылауда.

Құрметпен,

Б. Асыллов

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі
депутаттарының тізімі**

**Ю. Ли
А. Абсиметова
Д. Алимбаев
А. Бойчин
Д. Еспаева
А. Жамалов
А. Жумабаева
В. Ким
Г. Кулахметов
М. Кусаинов
М. Құлшар
К. Нуров
А. Паев
Л. Рамазанова
С. Симонов
И. Смирнова
Ж. Тельпекбаев**



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

13.05.2022 № 2-011513-22-38634

14.04.2022г. №ДЗ-131

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)

По противодействию финансовым пирамидам

Уважаемые депутаты!

Генеральной прокуратурой рассмотрен Депутатский запрос о результатах работы межведомственной рабочей группы по противодействию мошенничествам и финансовым пирамидам, а также проведении разъяснительной компании среди населения.

За последние 5 лет динамика регистрации дел о финансовых пирамидах нестабильна (2017г.-74, 2018г.-103, 2019г.-24, 2020г.-180, 2021г.-160).

Всплеск приходится на 2020 год, когда количество зарегистрированных преступлений возросло в 7 раз (с 24 до 180), сумма причиненного ущерба превысила 6 млрд. тенге (2019г. - 1,6 млрд. тенге).

Генеральной прокуратурой с начала прошлого года приняты конкретные меры по противодействию данному виду преступления.

Проведен Координационный совет, созданы межведомственные рабочие группы, разработаны планы мероприятий, методические пособия, внесены изменения в Правила выдачи микрокредитов, приняты типология и План взаимодействия, определен перечень внешних признаков финансовых пирамид.

В целях исполнения поручения Главы государства, озвученного в ежегодном Послании («Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны» от 1 сентября 2021 года), о принятии мер по противодействию мошенничествам и финансовым пирамидам разработан Комплекс совместных мероприятий (Дорожная карта).

В этой связи при Генеральной прокуратуре создана межведомственная рабочая группа по исполнению пунктов Дорожной карты (распоряжение от 14.03.2022г. №7р/15).

В настоящее время ответственными государственными органами ведется планомерная реализация Комплекса мероприятий.

В частности, Министерством внутренних дел для подразделений криминальной полиции приобретено современное оборудование и

специализированное программное обеспечение, предназначенное для мониторинга сети интернет, установления казахстанских пользователей (злоумышленников) социальных сетей и мессенджеров.

Также в целях подготовки квалифицированных специалистов МВД разработаны специальные учебные программы по тактике и методике расследования уголовных дел о мошенничествах и финансовых пирамидах (проводятся онлайн-курсы повышения квалификации, в т.ч. с приглашением зарубежных специалистов), которые включены в учебную программу ведомственных высших учебных заведений.

В территориальных подразделениях полиции созданы постоянно действующие следственно-оперативные группы, специализирующиеся на раскрытии и расследовании дел данной категории.

Агентством по финансовому мониторингу внедрен механизм раннего выявления потенциальных финансовых пирамид.

В департаменты экономических расследований направлено 16 материалов по признакам создания финансовых пирамид, по которым проводятся оперативно-розыскные и проверочные мероприятия.

Так, в рамках данной работы в г. Шымкент 09.02.2022г. начато досудебное расследование в отношении руководителя компании «GAR» Рысымбетовой и других по факту незаконного вовлечения вкладчиков под предлогом получения дивидендов.

Заблокировано 680 ссылок на сайты финансовых пирамид. Банки ориентированы на усиленный мониторинг операций и разрыв деловых отношений с подозрительными клиентами. Прекращено и отказано в установлении деловых отношений со 149 подобными лицами.

К примеру, АО «Kaspi Bank» прекратил обслуживание организаторов финансовой пирамиды «Черный котел», в которую успели вовлечь 40 вкладчиков (ущерб полностью возмещен).

Агентством по регулированию и развитию финансового рынка (далее - АРРФР) внесены изменения в Правила предоставления микрокредитов электронным способом (введены дополнительные способы аутентификации).

Мобильная идентификация заемщика микрофинансовых организаций будет сопоставляться с данными операторов сотовой связи.

Министерством информации и общественного развития налажена работа с представителями компаний «Meta platforms» по усилению контроля в социальных сетях, оперативному взаимодействию при выявлении сомнительных публикаций, в том числе с принятием мер по удалению таких материалов.

Аналогичная работа ведется с компанией онлайн продаж «Колеса КЗ».

Разработан законопроект «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты по вопросам оптимизации уголовного законодательства с одновременной коррекцией Уголовно-процессуального и Уголовно-исполнительного кодексов», куда включено наступление ответственности с момента привлечения денежных средств (в настоящее время ответственность наступает с момента извлечения дохода от незаконной деятельности).

Законопроект уже обсужден и одобрен на заседаниях межведомственной рабочей группы при Генеральной прокуратуре. В настоящее время он на стадии

согласования с госорганами. (Срок внесения законопроекта в МЮ – июнь, в КПМ – июль, в Парламент – сентябрь).

В этой связи, прорабатывается вопрос о внесении изменений в редакцию статьи 217 УК.

В целом, принимаемые меры позволили в текущем году сократить количество таких преступлений.

Так, за четыре месяца т.г. отмечается снижение числа зарегистрированных фактов создания финансовых пирамид на 74,3% (со 187 до 48), уголовных дел направленных в суд на 70% (со 109 до 33), в то же время увеличилось количество лиц, привлеченных к уголовной ответственности на 100% (с 14 до 50).

Также улучшилась ситуация по делам, связанным с мошенничеством (-14,9%, с 16 257 до 13 834), из них интернет-мошенничества снизились на 27% (с 8 550 до 6 256).

Вместе с тем, несмотря на положительную динамику, проведенный анализ показал об упущениях в организации работы Министерства внутренних дел (далее - МВД) и низкое качество досудебного расследования (в МВД внесено представление об устранении нарушений законности, находится на рассмотрении).

К примеру, волокита по делу «Mudarabah capital» и низкая возмещаемость ущерба привела к попытке одной из потерпевших Досмаиловой совершить суицид у здания МВД путем самосожжения.

При этом, ранее по делу вносились акты надзора в адрес Департамента полиции г.Алматы (виновные должностные лица привлечены к дисциплинарной ответственности).

Кроме того, уполномоченными органами проводятся мероприятия по повышению финансово-правовой грамотности населения и разъяснительные работы о принимаемых мерах (в т.ч. посредством интернет-ресурсов).

К примеру, на сайте АРРФР опубликован список организаций, имеющих признаки нелегальной (нелицензированной) деятельности, в которую включен **121** субъект, из них **56** с признаками финансовой пирамиды и **65** нелегальных инвестиционных посредников (лжеброкеров).

С 2020 года по май 2022 года на официальном сайте АРРФР и обучающем сайте «Fingramota.kz» опубликовано **344** материала по противодействию преступлениям данного вида. На их основе в СМИ размещено **759** публикаций, из них в региональных – **306**.

Аналогичная работа проведена посредством социальных сетей (@FinGramota в Facebook, Instagram, Telegram - более 1,2 тыс. постов), интернет-баннеров (35 публикации), видеосюжетов (8 на телеканалах «Qazaqstan», «31 канал», «Хабар», Atameken Business, Астана и КТК), прямых эфиров (16) и т.д.

Агентством по финансовому мониторингу в информационных порталах (Zakon.kz, Orda.kz, KazTAG, Nur.kz, Tengrinews, Qazaqstan.tv, Astanatv.kz) освещена информация о завершении расследования в отношении организаторов пирамиды «Астана Раушан касса айналымы», жертвами которой стали около **2 тыс.** граждан.

Таким же образом до населения доведено о проведении расследования в отношении руководителей потребительского кооператива «GAP» (создано в 13 регионах страны).

МВД с начала 2022 года проведен ряд разъяснительных мероприятий по интернет-мошенничествам (3519 материалов) и финансовым пирамидам (3662).

Совместно с акиматами установлено 225 баннеров на LED-экранах, в

общественных местах распространено 7 тыс буклетов.

В ближайшее время (с 1 июля т.г.) будет запущен механизм смс-оповещения о рисках финансовых пирамид.

Наряду с изложенным правоохранительные и государственные органы ориентированы на усиление по проведению праворазъяснительных мероприятий среди населения.

Работа по противодействию мошенничествам и финансовым пирамидам продолжается и находится на особом контроле.

С уважением,

Б. Асыллов

**Список депутатов
Мажилиса Парламента РК**

**Ю. Ли
А. Абсиметова
Д. Алимбаев
А. Бойчин
Д. Еспаева
А. Жамалов
А. Жумабаева
В. Ким
Г. Кулахметов
М. Кусаинов
М. Құлшар
К. Нуров
А. Паев
Л. Рамазанова
С. Симонов
И. Смирнова
Ж. Тельпекбаев**